



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ М. ӘЛІМБАЕВ МҰРАСЫ

**Қанаткерей Айгерім**

[kanatkerey@mail.ru](mailto:kanatkerey@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті «5В011700» қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенті  
Жетекші – ф.ғ.д., профессор Тұрысбек Р.С.

Балалар әдебиеті – жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытатын, оларды адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы [1, 10].

Сол себепті, балалар әдебиетіне қалам тербеу бірегей, таңдаулы ақын-жазушылардың ғана қолынан келеді. Әдебиеттің күрделі де, қызықты саласы балалар әдебиетінде М. Әлімбаев шығармашылығының орны бөлек. «Шынымды айтсам, мені балалар ақыны жасаған балаларым мен бауырларым. Бүлдіршіндерге дегенімнің денін мен солар үшін жаздым, алғашқы нұсқаларын соларға тыңдаттым, мектепке барған соң соларға оқыттым, соларға сынаттым, жаттай алмаса не ұқпаса, солардың ыңғайына қарай өндедім» – деп сыр шертеді балалар ақыны М. Әлімбаев [2, 39].

Балалардың жан-дүниесіне терең бойлаған М. Әлімбаевтың қаламынан туған шығармашылығы әр кезде сұраныста болды. Дәуірмен бірге туып, біте қайнасты. «Балалар – байыпты халық. Бүгінде олардың білмейтіні аз... Талғамы биік. В.Белинскийдің бір сөзі осы бүгін айтылғандай: «... Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туу керек. Мұның өзі өзінше бір қабілеттілік болады... Мұнда талант қана емес, өз алдына даналық та керек» [2, 47]. М. Әлімбаев балалар әдебиетінің жілігін шағып, майын ішкен майталманға айналды. Оның шығармашылығы аға буын мен тұтастарының арасында жоғарғы бағаға ие болды. Мысалы: «Нақтылық, ойлылық, жинақылық – Мұзафар өлеңдерінің ең басты қасиеттерінің бірі. Мұзафар – біздің із- өкшемізді басып келе жатқандардың ішіндегі ең бір ірі ақын.» – С. Мәуленов баға берген.

«Балалар баспасөзіндегі ондаған жылдарға созылған қызметім, әсіресе 1958 жылдан тұңғыш рет шыға бастаған «Балдырған» журналында бас редактор болуым балалар әдебиетінің ерекшелігін, өзгешелігін, талап-тілектерін, мұң-мұқтажын зерттеуге себепші болды» – дейді М. Әлімбаев .

Алпыс жыл уақыт арасында қазақ балалар басылымының атасы саналатын «Балдырған» журналын М. Әлімбаевтан бөліп қарау мүмкін емес. Саналы ғұмырының жартысын редакторлыққа арнаған Мұзағаң «Балдәурен, шіркін балалық», «Ақсерек те көк серек», «Аспандағы әпке» кітаптарын жазып, балалар әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосты. «Балдырған» мен М. Әлімбаев бірнеше буын ұрпаққа тәлім берді. К. Әмірбектің мына ой-пікірі осы сөзімізді дәлелдейді: «Бәріміз де бала болдық, балғын болдық, балдырған болдық. Көзімізді «Әліппеден ашып, әріптерді үйренген шағымызда 1958 жылы балаларға арналған «Балдырған» журналы шықты. Ой, сондағы қуанғанымыз-ай!» [3].

Алпыс жылға жуық тарихы бар балалар басылымы қазақтың әр баласы үшін «Әліппеден» кейінгі екінші кітабы еді. «Балдырған» берері мен беделі мол басылымға айналды. Ал М. Әлімбаев бірнеше буын балалар әдебиетінің майталмандарының ұстазы болды. Ол редакторлық еткен жылдары «Балдырған» журналының таралымы екі жүз мың данаға дейін жетті.

М. Әлімбаев басшылық жасаған жылдары «Балдырған» журналында "Бала тілі бал", "Кел, ойнайық", "Жаттап алу оңай", "Жұмбақтар" т.б. айдарлар жұмыс істеді. Қазіргі кезде балалар журналы бірнеше буын іздеп оқитын басылым ретінде танымал.

«Мұзафар Әлімбаев сан қырлы талант. Ол көркем шығарма жазумен шектелмей,

зерттеу, ізденіс жұмыстарымен де беріле айналысады. Бұл саладағы еңбектері де табысты.

М. Әлімбаев зерттеушілігінің де әр алуан болып келетіндігін айтуға тура келеді. Өзіне дейінгі, өзі қатарлы және өзінен кейінгі қаламгерлердің шығармашылық шеберлігіне тереңдеп үңілу, ол туралы ойларын ортаға салу, халық ауыз әдебиетіндегі, классиктер туындыларындағы сөз шеберлігі мен шешендік өнерді, нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді жан-жақты талдау, өзгелерге өнеге ету, туысқан немесе шет жұрттағы халықтардың нәрлі сөз оралымдарын қазақша сөйлету – осының бәрі Мұзағаңның ұзақ жылдардағы тынымсыз тер төге білгенінің куәсі болып табылады [4, 3].

Ел аузында әлі күнге дейін Мұзағаң айтты деген оралымдар мен нақыл сөздер жиі кездеседі. Ол туралы кейінгі толқын инісі Н. Оразалин былай дейді: «XX ғасырдан бері халқымен бірге тыныс алып келе жатқан, сөз өнерінің аса көрнекті өкілдерінің бірі, ҰОС ардагер-жазушыларының маңдайалды көшін бастаған Мұзафар Әлімбаев өмірден өтті. 95 жасқа келген Мұзағаң балалар әдебиетінің классикалық үлгісін жасаған қазақтың арғы-бергіде өткен жүйрік сөзін бір адамдай білген сөз білгірі, «Мұзағаң айтты» дейтін жүздеген қанатты сөз иесі болған» [5]. М. Әлімбаевтың көп қырлы талант екенін осы жолдардан анық аңғарамыз.

Ақын ел аузындағы ертегі, аңыздар дәстүрімен бірталай поэма туғызған. Солардың бірі – «Алатаудың баурайында» ертегі-дастаны. Ертегі-дастан арнаудан және төрт бөлімнен тұрады. Автор халық ертегілерінің Алдар көсе, Тоғыз Тоңқылдақ, бір Шіңкілдек, балықшы шал сияқты кейіпкерлерді еске алады да, өзінің ертегісін баяндауға кіріседі.

М. Әлімбаев шығармашылығы балалар поэзиясының өзіндік ішкі сырларын терең түсінуімен, оны ойдағыдай меңгеруімен ерекшеленеді. Ақын өлеңдері ой-пікірдің нақтылығымен, сөз ойнақылығымен әсерлі келеді. Бала еңбегі, оның ой-пікірі, әрекеті көркем поэзия тілімен өрнектелді [6, 195-196].

Ақынның шығармашылық жолы даңғыл, өлеңдері мәнді, мазмұны түсінікті, балалардың тіліне жатық, жаттауға икемді. М. Әлімбаев бала жанының бағбаны. Балалар поэзиясында өзіндік із қалдырған тұлға.

Шығармалары 20 тілге аударылған. Соның ішінде орыс тілінде 6 кітабы, түрікмен тілінде «Мен - түрік мейманы» (1963), қырғыз тілінде «Жолдар. Ойлар. Жырлар» (1966) жинақтары жарық көрген. Көркем аударма саласында Сағдидың «Бостанын» («Жәннат» деген атпен), Петефи мен Токтағұлдың, Аполлинердің таңдамалы өлеңдер жинақтарын, Ю.Фучиктің «Дар алдындағы сөзін», Орбелианидің «Фибратнамасын» және Пушкин, Лермонтов, Маяковский, Ғ.Тоқай, М.Жәлил, Фирдоуси, Х.Әлімжанның өлең-жырларын қазақ тіліне аударған. 1982 жылы «Аспандағы әпке» жинағы үшін республикалық Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

«Өлең болғалы тұрғанды аңдауың керек. Сөйтсек, әр заттан, әр құбылыстан, әрбір ой-пікірден, әрбір көзқарастан поэзияны таба білу керек-ау. Жазылған өлеңнен алар ғибрат болсын, тәлім болсын...

Ал кейде елден естіген де ештеңе жоқ, көзбен көріп, көңіл тоқтатқаның да жоқ, оқып, біліп, өрнекке түсірсем деген ниетің де жоқ, бірақ өзіңді-өзің міндеттейсің, өлең жазасың, Мұндайда алдына бір мақсат қоясың. Өлең өмір мұқтажынан туады.

Қазақта әлі де спорт жөнінде өлең өте аз. Ал соның ішінде таңертеңгі денешынықтыру жайында өлең өте аз еді. Қолыма жаттығулар тізілген кітап алып отырып, қолдан өлең тудырдым. Ол кейін суретті кітапша болып басылды. Аты – «Шынықсаң шымыр боларсың» [2, 42].

Балалардың мұң-мұқтажын сезіне білген ақын ғана балалар әдебиетінің майталманы бола алады. М. Әлімбаевтың бұл ойлары ақынның ізденімпаздығын, ой тереңдігін, жандүние тазалығын аңғартады. Балаларға арналған спорт өлеңдері әлі де жоқтың қасы. Осы мәселені орынды қозғай білген М. Әлімбаевтың ақыл-ойына таңданғанымызды жасыра алмаймыз.

Ақынның өз сөзімен айтсақ: «Балалар әдебиетіне таланттылар мен табандылар ғана тұрақтайды. Қалам қарымы қуатты қаламгер ғана балалар әдебиетімен біте қайнасады.



Солардың көрнектілерінің бірі М. Әлімбаев.

« Бізде әлі қандай тақырыптар қаламға оралмай жүр? Соны іздеп тауып, жаңа жырлар жазалық, кемтігімізді толтыралық – талап осындай болса игі» – дейді балалар әдебиеті майталманы. М. Әлімбаевтың жаңалыққа жаны құмар, ізденімпаз екенін осы жолдар арқылы аңғарамыз.

Шығармашылықтың енді бір өнікті қайнар көзі – халық арасындағы аңыз-әңгімелер, әзіл-оспақтар, ертегі-хикаялар... Бірсыпыра шығармаларым халықтың ертегі, аңыздарынан алынған. Мәселен, «Мейман» деген кішкентай поэма. Осы қатарда «Жасыбай батыр мен Елпекбай», «Аштың аңы жүрмейді», «Сараң», «Көк сиырды көтерген келіншек», «Бүркіт пен жапалақ» сынды туындыларды атауға болады.

Халық творчествасына еліктеп, өзім де аңыздар ойлап тауып, өлеңге түсіріп жүрген жайым бар. Мәселен: «Шөже мен Алшынбай», «Еріншектер елінің Ертеңбайы», «Қос керуен», «Күлдіргілер», «Кім ұтылды, кім ұтты», т.б.[2, 42].

Халық шығармашылығына терең бойлау үшін кермет қарым, тума-талант дарын болуы қажет. Осы қасиеттердің барлығы М. Әлімбаевтың бойынан табылады. Халық мұрасын қағаз бетіне түсіріп, оны бала жасына лайықтап дайындау үлкен талантты қжет етеді.

«Мұзағаң соғыстан кейінгі әдебиеттің қайсар мінезді, қагілез жүректі өкілі болды. От көрген, оқ көрген адам болса да, өмірдің қадірін білетін өзгеше болмыс иесі екені танылып тұратын. Жанына жолдас, дос жинады. Соның арқасында Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Сағи Жиенбаев сияқты қазақ поэзиясының бір-бір маркасқа өкілдерінің балалар әдебиетін де жатырқамай, кішкентай оқырманға арнап қалам тартқанына қарап, ол ауылға Мұзағаңды үлгі етіп, шығармашылығы қызықтырған соң ілесіп барды-ау деп ойлап қоямын. Әсіресе Тұманбай ағамыз екеуінің арасындағы ағалы-інілі қарым-қатынастың соншама тереңдігі мен шынайылығына сырттағы жанның бәрі сүйсіне қараушы едік. Балалар әдебиетін, балалар поэзиясын Мұзағаңсыз елестету мүмкін емес. «Балдырған» журналына көп жыл басшылық жасап жүргенде баланың жүрегіне тікелей жол салатын мөп-мөлдір, айнадай жарқыраған таза дүниелер басылым бетінен шүп-шүп төгіліп тұратын. Мұзағаңның өлеңнен бөлек, әлемнің арғы-бергі классиктерінің шығармаларын аударған еңбегі, жаңылтпаш жазып, мақал-мәтел жинақтап құрастыруы, осының әрқайсысы бөлек-бөлек қарастыруды қажет ететін сом дүниелер. Тілдің парқын білетін, мәйегін танитын, мағынасына, мәніне бойлай алатын бірегей қалам иесі болғандықтан, М.Әлімбаев әдебиетті көркем аудармалармен байытты. Сөйткен Мұзағаң абыздық кезеңіне иек артқан шағында, арбамен айналып жүріп те өмірді сүйген өр рухын құлатпай өтті. Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде болып жатқан әр жаңалыққа құлақ түріп, жетістіктерге балаша қуанып, Ел басшысынан бастап қатардағы азаматтарға дейін түгендеп, ісіне баға беріп отыратын. Өмірге өте құштар адам болды, оқудан, ізденуден, жазудан шаршамай кетті. Тоқсанның бесеуіне қараған жасында дархан мінезді, жаны жайсаң жақсы ағамыз өмірден өтіп бара жатыр. Артындағы іздеушісі, қалың оқырманы, қара орман қазақ жұрты аман болса, Мұзағаңның мол рухани мұрасын қастерлеп, уақыт озған сайын ұлт игілігіне қызмет атқаратын кәделі дүниеге айналдыратынына еш күмән келтірмей үлкен сеніммен қараймын» – деп замандас інісі Н. Оразалин баға берген болатын [7,9].

М. Әлімбаев шығармашылығы мен 30 жыл басқарған «Балдырған» журналы келешек ұрпақ үшін де рухани азық болар басылым. Қазақ сөз өнерінің аса көрнекті майталманы М. Әлімбаевтың мол мұрасы болашақ ұрпақтың ең асыл қазынасы.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974, 175 бет.
2. Қазақ совет балалар жазушылары: Қаламгерлік өмірбаян жинағы. – Алматы: Жалын, 1987. – 192 бет.
3. Толқыннан толқын туады. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992– 248 бет.
4. <http://ult.kz>

5. Рүстемова Ж.А. Қазақ балалар әдебиеті. Оқулық. Алматы, «Эверо», 2014– 260 бет.
6. Оразалин Н. Өмірді сүйген өр рухты жан болатын // Егемен Қазақстан. 28 қараша 2017. №229. 9 бет.

ӘОЖ 821.512.122

## **ТОЛЫМБЕК ӘБДІРАЙЫМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ КЕЛБЕТІ**

**Оқасова Еркежан Ерғалиқызы**

[zhan-06.09.96@mail.ru](mailto:zhan-06.09.96@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті ҚТӘ-41 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д. профессор Оразбекова М.С.

Бүгінде балалар прозасының дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырып үлгерген жазушылардың бірі – Толымбек Әбдірайым. «Кейбіреулер балаларға арналған кітап жазуды оңай көреді. Арнаулы дайындықсыз, баланың ой-қабілетіне, ақыл-парасатына, арман қиялына лайықты дүниені таңдаудың, оқиғасын ұғымды қылып, тілін сол жастағы жандарға сай қылып сындырудың оңай еместігін біле бермейді. Оның үстіне балалардың жас ерекшеліктерін де ескеру керек. Бес-алты жастағы балалар мен 14-15-тегі жасөспірімдерге арнаған дүниелер бірдей болмайды. Соңғылардың үлкендер қатарына өтпелі кезеңде екенін де ескеріп, ой-пікірлері мен өмірлік көзқарастарының дұрыс қалыптасуына әсер ететін дүниелер іздейсің. Осының бәрі жазушының талмай талаптанып, іркілмей ізденуін талап ететін жәйттар. Отыра салып сүйкектете салған жеңіл дүниелер жас жанның жүрегіне жетпейтінін екінші бірі біле бермейді. Толымбек Әбдірайым осындай талаптардың үддесінен шығып келе жатқан шебер жазушы» [1,20], -деп журналист Жақсыбай Самрат жазушыға жоғары бағасын берген еді. Толымбек Әбдірайым бала психологиясын жетік меңгергендіктен, жас оқырманға не керегін біледі. Әр шығармасының астарында үлкен тәрбиелік мән жатыр. Ең қызығы, әңгімелерін ойдан шығармай, өмірден көрген-білгенін тере отырып жазады. Жазушының шығармалары балаларды адамгершілікке, тазалыққа, жақсылыққа ұмтылуға, үлкенді сыйлауға, қайырымды болуға, Отанына адал қызмет етуге, ана тіліне құрметпен қарауға шақырады. Сонымен қатар, баланы таза сөйлеуге дағдыландырып, сөздік қорын арттыруға баулиды. Жазушының тілі жеңіл, шығармаларының барлығы түсінікті, әрі қызықты.

Филология ғылымдарының докторы, жазушы Нұрдәулет Ақыш: «Кейіпкердің жан дүниесін аша отырып, оқиға дамыту ұстанымы – Толымбек Әбдірайымның «Алабұға аулаған күн» прозалық жинағына енген прозалық шығармаларының табиғатына тән. Осылардың ішіндегі көлемдірегі «Тұнжыр» хикаятында өгей баланың жан дүниесі суреттеледі. Өзі ішкіш, өзі ынжық әке ұлын кейінгі үйленген әйелінің тепкісінен қорғауға құлықсыз. Бұл шығарманың кейіпкері он екі жасар бала болғанымен, ересек оқырманды да енжар қалдырмайтын деңгейде. Өйткені, мұнда көтерілетін негізгі мәселе – ата-ананың ұрпақ алдындағы парызы» [2, 4], -деп пікір білдірген еді. Жазушы «Тұнжыр» хикаятында Рауан атты баланың қиындыққа толы тағдырын, қазіргі қоғамдағы белең алып жатқан әлеуметтік мәселелерді қозғайды. «Тұнжыр» - қазіргі қоғамның шынайы көрінісі. Хикаятта отбасылық құндылықтардың бұзылуы, әкенің ішімдікке салынуы, қоғамдағы кейбір адамдардың қатігездігі, тірі жетімекке айналған балалардың көбеюі сияқты мәселелер сөз болады. Өзге ер адаммен көңіл жарастырып, бауыр еті баласын тастап кеткен ана мен шайпау мінезді өгей шешенің тасасында қалып қойған ынжық әкенің салғырттығынан Рауан тағдыр тәлкегін басынан кешеді. Жас балақай отын жарып, от жағып, кір жуып, бала бағып, үй тірлігін жасайды. Сабалқа деген ынтасы жоғары болса да, өзге балалардай еркін білім алуға мүмкіндігі жоқ. Өгей шеше ащы тілімен шағып, кейде жағынан тартып та жіберетін. Барар жері қалмаған жас бала амалсыздан көше кезіп, қайыр тілей бастайды. Қара су мен бір үзім